

II МОДУЛЬ

АЗАМАТТЫҚ
ІСТЕР БОҰЫНША
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

6-сабақ

Талап қою бойынша сот шешімі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

меншік иесі
қарар бөлігі
сипаттау бөлігі
уәждеу бөлігі
билік ету құқығы
пәтердің заңды иесі

апелляциялық өтінішхат
мемлекеттік баж салығы
заңсыз иелену
заңды күшіне ену
еш әрекет жасамау
өз қалауынша иелену



2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

иесі
 заңды иесі
 өтінішхат
 билік ету
 баж салығы

иелену
 жолдау
 жасамау
 иелену
 күшіне ену



3. Сәйкестендіріңіз.

меншік
сипаттау
уәждеу
қарар
пәтердің
апелляциялық
билік ету
мемлекеттік
заңсыз
көшірмесін
еш әрекет
өз қалауынша
заңды күшіне ену

а. бөлігі
ә. заңдық иесі
б. күшіне ену
в. иесі
г. жолдау
г. қалауынша иелену
д. бөлігі
ж. иелену
з. бөлігі
е. жасамау
л. құқығы
м. өтінішхат
н. баж салығы



4. Тыңдаңыз, үлгіні толықтырыңыз.

2021 жылғы _____ № _____ іс _____ Қарағанды қаласы
 Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық _____
 _____ А.С. Бекмахан, Ж.Н. Абиевтің
 хатшылығымен, ашық сот отырысында _____ бойынша азаматтық
 істі қарады:

 :
 Айгүл Қуанышқызы Әжілова

 :
 Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажанов

 :
 пәтерден шығару туралы



5. Сөздергі мазмұнына сәйкес жазыңыз.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты құрамында:
 _____ судья А.Б. Бекмахан, Ж.Н. Абиевтің хатшылығымен,
 ашық сот отырысында, қойылған _____ азаматтық істі қарады:

 Айгүл Қуанышқызы Әжілова

 Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажанов

 пәтерден шығару туралы

_____ : Айгүл Қуанышқызы Әжілова

төрағалық етуші

СОТТА ҚАТЫСКАНДАР

төрағалық етуші

ТАЛАП ҚОЮШЫ

талап арыз бойынша

ЖАУАПКЕР



6. Мәтінді оқыңыз.

Талап қоюшы Аігүл Қуанышқызы Әділованың жауапкер Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажановқа қойған пәтерден шығару туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Қарағанды қаласы, Язев көшесі, 10-үй, 257-пәтерден Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажанов шығарылсын.

Жауапкер Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажановтан Аігүл Қуанышқызы Әділованың пайқасына 1459 (мың төрт жүз елу тоғыз) теңге төленген мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтамай отырып, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты арқылы, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күнінен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.



7. Мәтін бойынша сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.

Қойылған	салығы	Жұмажановтан	қаралды
Мемлекеттік баж	шығару туралы	талап қоюшы	қатысады
Ашық сот	талап бойынша	талап қою арызы	өндірілсін
Пәтерден	отырсына	азаматтық іс	қанағаттандырылсын



9. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

наразы

сот талқылауына

прокурордың

апелляциялық

сот

шешімге

пайқасына

шешімнің

өндіру

наразы тарап

тарап

қатыспаған тұлғалар

өтінішхаты

шағым беру

көшірмелері

алқасы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2021 жылы 26 тамыз

№ _____ іс

Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С. Бекмахан, Ж.Н. Абиевтің хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап арыз бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Айгүл Қуанышқызы Әжілова

ЖАУАПКЕР:

Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажанов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

пәтерден шығару туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Айгүл Қуанышқызы Әжілова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы А.Қ. Әжілова аталған талап арызбен сотқа жүгініп, өзінің Қарағанды қаласы, Язев көшесі, № 10-үй, 257-пәтер мекенжайында орналасқан үйінің меншік иесі екендігін, алайда қаулы мекенжайды жауапкер А.Ж. Жұмажанов заңсыз иеленіп, тұрып жатқандығын, оның үйі босату туралы ескертпелеріне жауапкер еш әрекет жасамай отырғандығын айта келе, соттан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 264-бабына сәйкес жауапкер А.Ж. Жұмажановты Қарағанды қаласы, Язев көшесі, 10-үй, 257-пәтерден шығаруды сұрайды.

ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 118-бабы 2-бөлігінде, егер осы Кодексте және «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше белгіленбесе, жылжымайтын мүлікке құқықтар (құқықтар ауыртпалығы) мемлекеттік тіркеу өткен кезден бастап туындайды, өзгереді және тоқтатылады. Егер тіркеуден бас тартылмаса, өтініш берген уақыт мемлекеттік тіркеу уақыты болып танылады.

ҚР АҚ-нің 188-бабының 1 және 2-бөліктерінің талаптарына сәйкес меншік құқығы қегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы деп танылатындығы және меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады деп көрсетілген.

«Азаматтарға арналған Үкімет «Мемлекеттік корпорация» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының 9 тамызда 2021 жылғы №03-09-08-20/23226 санғы анықтамасына сәй, 16.04.2019 жылғы сыйға тарту шарты негізінде Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Язевкөшесі, 10-үй, 257-пәтерге А.Қ. Әділованың атына меншік құқығы тіркелген, яғни А.Қ. Әділова пәтердің заңды иеленушісі болып табылады.

Жауапкер А.Ж. Жұмажанов тұрғын үй-жайдан өз еркімен шығуға бас тартуына және оның Азаматтық процестік кодексінің 72-бабының талабына сәй, даулы пәтерде қандай да болсын шарт негізінде, не болмаса басқа да заң жүзінде тұрып жатқандығы туралы дәлелдемелер ұсына алмауына байланысты, талап қоюшының А.Қ. Әділованы тұрғын үйден шығару туралы талап арызсы сот негізгі және қанағаттандырылуға жатады деп санады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Асгүл Қуанышқызы Әділованың жауапкер Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажановқа қойған пәтерден шығару туралы талап қою арызсы қанағаттандырылсын.

Қарағанды қаласы, Язев көшесі, 10-үй, 257-пәтерден Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажанов шығарылсын.

Жауапкер Арнұр Жақсыбекұлы Жұмажановтан Асгүл Қуанышқызы Әділованың пайдасына 1459 (мың төрт жүз елу тоғыз) теңге төленген мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтамай отырып, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық соты арқылы, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күнінен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурордың өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья

А. Бекмахан